

Кәсіпкерліктің қаржылық ортасы және  
қаржылық тәуекелдер

# №6 тақырып

## Қызметтің негізгі түрлерінің тәуекелін жүйелік жіктеу






# Дәріс сұрақтары:

1. Кәсіпкерлік қызмет тәуекелдерін жүйелік жіктеу
2. Көлемі (масштаб) бойынша тәуекелді жіктеу
3. Тәуекелді қалыптастырушы факторлардың табиғаты бойынша жіктеу





Кәсіпкерлік қызмет тәуекелін жіктеуге қатысты көптеген тәсілдер бар, олар жіктеудің мақсаты мен міндетіне қарай анықталады.

Тәуекелді жіктеу негізіне салынған ең маңызды элементтері болып келесілер табылады.



# 1. Тәуекелді түрлі белгілеріне қарай жіктеу

**1. Тәуекелдің туындау мерзімі байланысты**

1. ретроспективті;
2. ағымдағы;
3. перспективті.

**2. Тәуекелді есепке алу сипатына қарай**

1. ішкі;
2. сыртқы.

**3. Тәуекел салдарларының сипаты бойынша**

1. Таза;
2. Спекулятивті.





**Ретроспективті тәуекелді, оның сипаты мен оны төмендету тәсілдерін талдау ағымдағы және болашақтағы тәуекелдерді барынша айқын болжауға мүмкіндік береді. кәсіпкердің жеке қасиеттерімен байланысты (тәжірибесінің аздығы, білімінің, кәсіби біліктілік деңгейінің төмендігі т.б.).**



**Сыртқы тәуекелге** кәсіпорын қызметіне тікелей қатысты емес тәуекелді жатқызуға болады, яғни сыртқы тәуекел сыртқы ортаның ықпалынан туындайды. Кәсіпкер оған ықпал ете алмайды, оны тек қана алдын ала болжауы және өз қызметінде ескеруі мүмкін. Сыртқы тәуекел деңгейіне келесі факторлар әсер етеді: саяси, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, географиялық және т.б. Оған экономикалық саясаттағы күтпеген өзгерістерді, саяси жағдайдың бірден нашарлауы, төтенше жағдайлардың туындауы және т.с. с. жатқызылады.

**Ішкі тәуекелге** кәсіпорынның өз қызметін жүзеге асырумен байланысты туындайтын тәуекелдер жатады. Олардың деңгейіне кәсіпорын басшыларының іскерлік белсенділігі, өндірістің әлеуеті (потенциал), техникалық жарақтандыру, мамандану деңгейі, еңбек өнімділігі деңгейі, қауіпсіздік техникалары және т.б. Факторлар әсер етеді.



**Таза тәуекелдер** әрқашан өндірістік қызметтің залалға ұшырауына әкеледі. Таза тәуекелдің себептеріне табиғи апаттар, соғыстар, күтпеген жағдайлар, қылмыстық әрекеттер, ұйымның әрекетсіздігі және т.б.

**Спекулятивті (алып-сату) тәуекелде** тек шығындар (жоғалтулар) ғана емес, жоспарланбаған пайда табу мүмкіншілігі де болуы мүмкін. Аталған тәуекел себептері болып нарық конъюктурасының өзгеруі, валюта бағамының өзгеруі, салық заңдарының өзгеруі және т.б.



## *Кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрлері*

-өндірістік – кәсіпкер тұтынушыға сату үшін өнім, қызмет, жұмыс, ақпарат, рухани құндылықтарды өндіруге еңбек құралдарын, жұмыс күшін пайдаланады.





## Кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрлері

- *коммерциялық* - кәсіпкер басқалардан сатып алынған дайын өнімді тұтынушыға сату арқылы алып-сатар қызметін атқарады. Пайда сатып алу бағасынан асатын бағада тауарды сату жолымен қалыптасады.

- *қаржылық* – кәсіпкермен тұтынушыға (сатып алушыға) сатылатын және оған несиеге ұсынылатын сату-сатып алу заты ретінде ақша және бағалы қағаздар алынатын коммерциялық кәсіпкерліктің ерекше нысаны. Қаржылық кәсіпкерлік мәні жағынан, бір ақша қаражаттарын екіншісіне сатуды (бүгінгіні болашақта алатын) білдіреді.

## *Кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрлері*

-делдалдық қызмет, бұл жерде кәсіпкер өзі тауар өндірмейді және сатпайды, тауарлы-ақша операцияларында тауарлық айырбас процесінде байланыстырушы буын рөлін атқарады. Қызметтің басты міндеті – екі мүдделі жақтардың өзара мәмілесін біріктіру. Аталған қызмет көрсетуге кәсіпкер пайда, кіріс алады.



## *Кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрлері*

- сақтандыру – оның мәні сол, кәсіпкер белгілі бір төлемге тұтынушыға (сақтанушы) күтпеген жағдайлар нәтижесінде мүлікті, құндылықтарды, өмірді қоса, мүмкін жоғалтуларды өтеуге кепілдік береді. Кәсіпкер (сақтандырушы) белгілі бір оқиғалардан кейін ғана қайтарылатын сақтандыру сыйақысын алады. Мұндай оқиғаның туындау ықтималдылығы әдетте, өте төмен, онда сыйақының қалған бөлігінен кәсіпкерлік кірісті қалыптастыруға болады.



## *Кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрлері*

-сақтандыру, оның мәні сол, кәсіпкер белгілі бір оқиға тұтынушыға (сақтанушы) күтпеген жағдайлар нәтижесінде мүлікті, құндылықтарды, өмірді мүмкін залалдарды өтеуді білдіреді. Кәсіпкер (сақтандырушы) белгілі бір оқиғалардан кейін ғана қайтарылатын сақтандыру үстемеақыларын алады. Мұндай оқиғалардың туындау ықтималдылығы әдетте, өте төмен, сондықтан үстемеақының қалған бөлігінен кәсіпкерлік кірісті қалыптастырады.



## Кәсіпкерлік қызмет сферасына сәйкес келесі тәуекелдерді бөлуге болады:

- **өндірістік тәуекел** ішкі және сыртқы ортаның қолайсыз әсерлері нәтижесінде өнім өндіру (жұмыс орындау, қызмет көрсету) бойынша өздерінің жоспарлары мен міндеттемелерінің орындалмауына байланысты туындайды. Яғни, өнім өндіру кезінде немесе өндірістік қызмет үрдісінде кездеседі. Өндірістік тәуекелдің себептеріне жоспарланған өндіріс көлемінің төмендеуін, кәсіпкердің тапсырыс берушілермен жасалған келісім бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау ықтималдылығын, материалдық, еңбек шығындарының өсімін, баға саясатындағы қателіктерді т.б. жатқызуға болады.

## Кәсіпкерлік қызмет сферасына сәйкес келесі тәуекелдерді бөлуге болады:

- **коммерциялық тәуекел** кәсіпкердің өндірген немесе сатып алған тауарларын (жұмыстары мен қызметтерін) сату кезінде туындайды. Басқаша айтсақ, өнімді (қызметті, жұмысты) сатуға, шикізаттар мен материалдарды жоғары бағаға сатып алуға т.б. байланысты орын алады. Оның негізгі себептеріне логистика жүйесіндегі кемшіліктер, шикізат тапшылығы немесе шикізаттармен, материалдармен өз уақытында және қажетті көлемде қамтамасыз ете алмау, конъюнктуралық өзгерістер, сатып алу бағасының жоғарылауы, айналыс шығындарының артуы т.б жатады.

## Кәсіпкерлік қызмет сферасына сәйкес келесі тәуекелдерді бөлуге болады:

- **қаржылық тәуекел** кәсіпкердің өзінің қаржылық міндеттемелерін орындай алмауымен байланысты туындайды. Кәсіпкердің қаржы институттарымен қарым-қатынасы кезінде пайда болады және ақшалай қаражаттарды жоғалту қаупін білдіреді. Қаржылық тәуекел инфляциялық факторлар, банк ставкаларының өсуі, бағалы қағаздар құнының төмендеуі, несиелердің қайтарылмауы, төлемдердің жасалмауы т.б. себептерге байланысты пайда болады.

## Кәсіпкерлік қызмет сферасына сәйкес келесі тәуекелдерді бөлуге болады:

- **сақтандыру тәуекелдері** – сақтандырушы сақтандыру оқиғасы нәтижесінде сақтандыру өтемақысын төлеуге міндетті болатын сақтандыру шарттарында қарастырылған оқиғаның туындау тәуекелі. Тәуекел нәтижесі болып сақтандыру келісімшартын жасасқандға дейінгі кезеңде де, одан кейінгі кезеңдерде – қайта сақтандыру, сақтандыру резервтерін және т.б. қалыптастыру кезіндегі тиімсіз сақтандыру қызметінен туындаған залалдар болып табылады.

Сақтандыру тәуекелінің негізгі себептері: бұрыс анықталған сақтандыру тарифтері, соғыстар, тәртіпсіздіктер, апаттар және т.б.



## Кәсіпкерлік қызмет сферасына сәйкес келесі тәуекелдерді бөлуге болады:

- **кәсіби тәуекелдер** тұлғалардың өзінің кәсіби міндеттерін орындаумен байланысты тәуекелдер.
- **инвестициялық тәуекелдер** инвесторлармен пайда алу мақсатымен қаражат салу кезінде туындайды, мысалы, бағалы қағаздардың табыстылығының өзгеруінен туындайтын тәуекелдер, пайыздық, валюталық, сақтандыру тәуекелдері.
- **көліктік тәуекелдер** – жүктерді тасымалдау кезінде туындайды. Оларды теңіздік, әле және жердегі тәуекелдер деп бөледі.

## 2. Тәуекелді түрлі бедгілеріне қарай жіктеу


### 4. Қауіптердің түрі бойынша жіктеу

1. Техногендік;
2. Табиғи
3. Аралас.

### 5. Тәуекелдер бағытталға объектілерге қарай

1. өнеркәсіптік тәуекелдер;
2. экологиялық тәуекелдер;
3. инвестициялық тәуекелдер;
4. несиелік тәуекелдер;
5. техникалық тәуекелдер;
6. кәсіпкерлік тәуекелдер






**Техногендік тәуекелдер** адамның шаруашылық қызметінен туындайды: апаттық жағдайлар, қоршаған ортаны ластау және түрлі объектілерге оттың әсерімен байланысты тәуекелдер.

**Табиғи тәуекелдер** адамың қызметіне байланыссыз. Оларға күтпеген табиғи апаттар: жер сілкінісі, су тасқыны, дауылдар, тайфундар, найзағай қаққылары, жанартаудың атқылауы және т.б.

Аралас тәуекелдер – адамның шаруашылық қызметінен туындаған табиғи сипаттағы тәуекелдер. Мысал ретінде құрылыс жұмысын жүргізумен байланысты көшкінді алуға болады.



**Өнеркәсіптік тәуекелдер.** Өнеркәсіптік тәуекелдер деп өндірістік үрдістің күнделікті қызметінің бұзылуы салдарынан кәсіпорынға және үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупі түсіндіріледі.

**Экологиялық тәуекелдер.** Экологиялық тәуекелдер деп қоршаған ортаға, сол сияқты үшінші тұлғалардың денсаулығына залал келтіргені үшін азаматтық жауапкершіліктің туындау ықтималдылығы түсіндіріледі. Ол өндірістік объектілердің құрылысы және оларды пайдалану, қосымша қызметті жүзеге асыру процесінде туындауы мүмкін және өндірістік тәуекелдің құрамдас бөлігі болып табылады.

**Инвестициялық тәуекелдер.** Инвестициялық тәуекелдер инвестициялық жобаларды (о.і. қосымша қызметпен байланыстылары да) жүзеге асыру барысында пайданы толық алмау немесе жоғалту мүмкіндігімен байланысты тәуекелдер. Тәуекел объектісі болып бұ жағдайда өз қаражатын салған инвесторлардың мүлкітік мүдделері табылады.

**Несиелік тәуекелдер.** Қаржылық қаражаттар несиені несиелік желі түрінде алынуы мүмкін. Ережеге сәйкес, несиені беру шарты болып оның нысаналы мақсаты табылады, яғни ол тек нақты инвестициялық жоба қажеттілігіне пайдаланылуы мүмкін. Инвестициялық жобаның несиені иегері мерзімі мен күтілетін пайда қарастырылған техника-экономикалық негіздемесі болады.

**Техникалық тәуекелдер.** Техникалық тәуекелдер жаңа объектілердің құрылысы және олардың әрі қарай пайдаланылуы кезінде туындайды. Олардың ішінде құрылыс-монтаждық және пайдаланым түрлеріне бөліп көрсетуге болады. Техникалық тәуекелдер өндірістік, кәсіпкерлік және инвестициялық тәуекелдердің құрамдас бөлігі болуы мүмкін.

**Кәсіпкерлік тәуекелдер.** Кәсіпкерлік тәуекелдер ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Сыртқы тәуекелдердің контрагенттермен немесе оған айналыссыз жағдайлармен өз міндеттемелерімен бұзу салдарынан күтілетін пайданы ала алмау және залал шегумен байланысты.

# Кәсіпкерлік тәуекелдер келесі себептермен шарттастырылуы мүмкін:



- ✓ Табиғи – жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл, құйын, найзағай қаққысы және т.б.;
- ✓ Ұшу аппараттарының және оның құрамдас бөліктерінің қлауы;
- ✓ Ғимараттар мен құрылыстардың тозуы, машиналармен құрылғылардың бұзылуы;
- ✓ Қызметкерлердің қателігі, қаскүнемдік әрекеттер;
- ✓ Мәміле бойынша кәсіпкердің контрагенттерімен өз міндеттемелерін бұзуы;
- ✓ Күтпеген шығындар сот және т.б.



# Салықтық тәуекелдер



**Салықтық тәуекелдерді** екі – кәсіпкер және мемлекет тарапынан қарастыруға болады.

**Кәсіпкердің (кәсіпорын) салықтық тәуекелдері** салық саясатының (жаңа салықтардың енгізілуі; салық жеңілдіктерінің жойылуы немесе қысқаруы және т.б.) өзгеруімен, сондай-ақ салық ставкаларының көлемінің өзгеруімен байланысты.

**Мемлекеттің салықтық тәуекелі** салық саясаты және салық ставкаларының көлемінің өзгеруі нәтижесінде бюджет түсімдерінің мүмкін қысқаруы (азаюы).



# Форс-мажорлық тәуекелдер



**Форс-мажорлық жағдайлардың тәуекелі** - кәсіпкердің өз қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіретін күтпеген апаттар (табиғи апаттар: су тасқыны, жер сілкінісі, теңіз дауылы, және т.б. климаттық катаклизмдер), соғыстар, революциялар, бүліктер, ереуілдер және т.б.

Форс-мажорлық жағдайлардың туындауы кәсіпкердің ерік-жігеріне байланыссыз болғандықтан екі жата форс-мажорлық жағдайлар болған кезде келісімшарт бойынша жауапкершіліктен босатылады.







Кәсіпорынның ішкі тәуекелдерінің негізгі себептері: кәсіпорын басшысының кәсіби тәжірибесінің болмауы, кәсіпорын басшысы мен қызметкерлерінің жалпы экономикалық білімінің төмендігі; қызметкерлердің еңбегін нашар ұйымдастыру; шикізаттар мен құрылғыларды тиімсіз пайдалану; қызметкерлердің кінәсінен құпия мәліметтердің жария болуы; кәсіпорынның қршаған нарықтық ортадағы өзгерістерге бейімделуінің нашарлығы; амркетинг саласындағы білімінің жеткіліксіздігі және т.б.



# Ұйымдастырушылық тәуекелдер



**Ұйымдастыру тәуекелі** - жұмысты ұйымдастырудағы жетіспеушілікпен шарттастырылған тәуекел. Ұйымдастыру тәуекелінің негізгі себептері:

а) ұйымдастырудың ең төменгі деңгейі: жоспарлау мен жобалаудағы қателіктер; жұмысты үйлестірудің кемшіліктер; реттеудің төмендігі; қамтамасыз етудің бұрыс стратегиясы; кадрларды таңдау және орналастырудағы қателіктер;

б) маркетингтік қызметті ұйымдастырудағы кемшіліктер: өнімді бұрыс таңдау (өткізу жоқ); өнім сапасының төмендігі, өткізу нарығын бұрыс таңдау; нарықтың сыйымдылығын бұрыс анықтау; сенімсіз баға саясаты (өнімнің жатып қалуы);

в) тұрақсыз қаржы жағдайы.

## *Ресурстық тәуекелдердің негізгі себептері болып келесілер табылады:*

- жағдайдың өзгеруіне қарай ресурстар қорының жетіспеушілігі;
- жұмыс күшінің жетіспеушілігі;
- материалдардың жетіспеушілігі;
- жеткізудің бұзылуы;
- өнімнің жетіспеушілігі.



## *Еріксіз банкроттықтың негізгі себептері болып келесілер табылады:*

- өнімнің белгілі бір түріне сұраныстың және өндірістің төмендеуі;
- келісімшарттық қатынастарды қандай да бір себептер бойынша орындамау;
- ресурстардың трансформациялануы;
- форс-мажорлық жағдай.



## Несиелеу тәуекелі берілетін несие түріне қарай келесідей жіктеледі:

- мерзіміне қарай несиелер қысқа, орта және ұзақ мерзімді болады;
- қамтамасыз етілу түрлеріне қарай – қамсызданды-рылған және қамсыздандырылмаған;
- дебитор түріне қарай – өндірістік, дербес;
- пайдалану бағытына қарай – өндірістік, инвестициялық, айналым қаражаттарының қалыптасуына, мерзімдік, уақытша қиындықтарды жоюға, бағалы қағаздармен операцияларға және т.б.;
- көлеміне қарай – шағын, орта, ірі.

## 7. Қаржылық және қоммерциялық тәуекелдер

**Қаржылық тәуекелдер** кәсіпорын қаржысын басқару процесінде туындайды. Кең тараған түрлері валюталық, пайыздық және портфельдік тәуекелдер.

**Валюталық тәуекелдер** деп сыртқы экономикалық қызмет, басқа елдердегі инвестициялық қызмет процесінде, сондай-ақ экспорттық несие алу кезінде айырбас бағамының өзгеруінен залалдың туындау ықтималдылығы түсіндіріледі.





Валюталық тәуекел көлемі валютаның сатып алу қабілетінің жоғалуымен байланысты, сондықтан ол мәміле жасалған мерзім мен төлем сәті арасында уақыттың алшақтығына тікелей тәуелді болады. Экспортерда бағамдық жоғалтулар төлем валютасы құлдырағанға дейін келісімшартқа қол қойған кезде туындайды, себебі жиналған қаражатқа экспортер аз ұлттық ақша қаражатын алатын болады. Импортер валюта бағамының өсуі кезінде залал шегеді, себебі ол үшін сатып алуға көбірек ұлттық валюта жұмсауға тура келеді. Валюталық тәуекелдер спекулятивтік тәуекелдерге жатады, себебі валюталық бағамның өзгеруінен бір жақ зиян шексе, екінші жақ қосымша пайда алады, немесе керісінше. Валюталық тәуекелді операциялық, трансляциялық және экономикалық деп бөледі.



# Пайыздық тәуекелдер

**Пайыздық тәуекелдер** деп қаржылық ресурстар бойынша пайыздық ставканың өзгеруі жағдайында залалдардың туындау ықтималдылығы түсіндіріледі. Олардың ішінде жайғасымдық (позициялық), портфельдік, экономикалық және т.б. кең тараған.

Позициялық тәуекелдер несиелі ресурстарын пайдаланғаны үшін пайыздар «құбылмалы» ставка бойынша төленген жағдайда туындайды. Банкте депзитті немесе несиені «құбылмалы» пайызбен беретін ұйым пайыздық ставка төмендеген жағдайда залал шегеді. «Құбылмалы» ставка бойынша несиелі алған кәсіпорын, керісінше, пайыздық ставка артқан жағдайда зиян шегеді.





# Портфельдік тәуекелдер

Портфельдік тәуекел бағалы қағаздардың бөлек тұрпаттары, сондай-ақ ссудалардың барлық санаттары бйынша жоғалтулар ықтималдылығымен түсіндіріледі. Бағалы қағаздар портфелін жасау үшін қаржы активтерінің бір түріне ақшаны инвестициялау жеткілікті. Әйтсе де, бір компанияның акциясына салым салған инвестор, оның бағамдық құнының тербелісіне тәуелді болады. Егер ол өз капиталын бірнеше кмпанияның акциясына салатын болса, тиімділік бағамдық тербеліске байланысты болады, бірақ әрбір бағамға емес, орташасына. Орташа бағамның тербелісі аздау, себебі бір бағалы қағаздың бағамы артқан кезед, екіншісінікі төмендеуі мүмкін және тербеліс өзара жабылады.



# Жүйелік тәуекелдер

**Жүйелік тәуекелдер** акция бағасының, олардың табыстылығына және жалпы нарықтың тербелісінен туындаған облигациялар бойынша пайыздың ағымдағы және күтілетін пайызының, дивидендтердің күтілетін мөлшерінің өзгеруімен байланысты. Ол соғыс, инфляция, салық салудың ғаламдық өзгеруі факторларымен байланысты экономиканың жалпы жағдайымен шарттастырылған. Жүйелік және жүйелік емес тәуекелдердің жиынтығын инвестициялар тәуекелі деп аталады.



# Экономикалық (құрылымдық) пайыздық тәуекелдер

Экономикалық (құрылымдық) пайыздық тәуекел жалпы кәсіпорынның экономикалық жағдайына пайыздық ставканың өзгеруінің әсерімен байланысты. Мысалы, егер кәсіпорын бәсекелестері болып өз қызметіне тартылған қаражаттардың үлкен мөлшерін тартатын өндіруші табылса, онда пайыздық ставка төмендеген жағдайында бәсекелестік артуы мүмкін. Пайыздық ставканың өзгеруі валютаның айырбас бағамына әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде, кәсіпорын қызметіне ықпал етеді.



# Коммерциялық тәуекелдер

**Коммерциялық тәуекелдер** сауда операцияларын жүргізу процесінде залалдың туындауы немесе пайданы толықтай ала алмау ықтималдылығымен байланысты, ол келесідей жағдайлар түрінде туындауы мүмкін:

- өнімді төлеу сәтінде тапсырыс берушінің төлем қабілетсіздігі;
- өнімді төлеуден тапсырыс берушінің бас тартуы;
- келісімшарт жасалған соң өнім бағасының өзгеруі;
- өнімге сұраныстың төмендеуі.



## 8. Елдің тәуекелділігі

Елдің тәуекелділігі кәсіпкерлер және инвесторлар өз қызметін шет мемлекеттердің аумағында жүзеге асыру кезінде туындайды, оларға келесілер жатады:

- елдің саяси құрылымын өзгертуі;
- шетелдік меншік объектілерін ұлттандыру немесе экспроприация;
- әскери іс-әрекеттер және азаматтық толқулар нәтижесінде меншік объектісінің жойылуы немесе бүлінуі;
- жалпы азаматтық және заңдылықтардың арнайы түрлері – кедендік, салықтық заңдардың өзгеруі;
- мемлекеттік биліктің тұрақсыздығы;
- мемлекеттік құрылым және заңдылықтардың ерекшеліктері;
- Үкіметпен жүргізілген тиімсіз саясат;
- Этикалық және өңірлік мәселелер;
- Түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерінің жедел тербелісі.





Елдің тәуекелділігі кәсіпкерлік қызметтің интернационализациялануымен тікелей байланысты. Олар сыртқы экономикалық қызметтің барлық қатысушылары үшін өзекті және елдің – импортер, экспортерлердің саяси-экономикалық тұрақтылығына байланысты.

Кәсіпкерлік (өндірістік) қызмет нәтижесінде елде жүргізіліп жатқан сауда және валюталық реттеу, квоталау, лицензиялау, кеден баждарының өзгеруі және т.б. Әсер етуі мүмкін.

Талдау нәтижесі тәуекелдің интегралдық балдық және жеке бағалаумен елдердің сараланған тізім түрінде ұсынылған, түрлі елдердің іскерлік байланыстарының сенімділігі және инвестициялау тәуекелінің дәрежесін бағасын сипаттайтын мәліметтер базасы түрінде ұсынылады.





Инвестор үшін елдің тәуекелділігі заңдылық базасының өзгеруі нәтижесінде инвестициялық және экономикалық қызмет үшін жағдай жедел төмендейді немесе қоғамдық-саяси төңкеріс нәтижесінде инвестиция объектілері жойылады немесе экспроприациялануы ықтималдылығын анықтайды.

Кәсіпорын үшін елдің тәуекелі жасалған халықаралық келісімнің орындалмауы, белгілі бір әлеуметтік-саяси немесе экономикалық жағдайдың нәтижесінде ақша қаражаттары, мүліктің бүлінуі немесе жойылуының ықтималдылығын білдіреді.





Елдің тәуекелін сандық бағалау шетел мемлекетін инвестициялау жөнінде шешім қабылдау үшін айқындаушы маңызға ие. «Әлемдік портфель» деген атауға ие тұжырымдамаға негізделген халықаралық инвестициялау стратегиясы бар, пропорционалды түрлі елдердің активтеріне салым салу үлесі елдің тәуекеліне пропорционалды бөлінуі қажет.

«Елдің тәуекелділігі» ұғымының тәжірибелік пайдалылығы және мазмұндылығы «активтердің әлемдік портфелі» тұжырымдамасын пайдаланумен байланысты ашылады.

Елдің тәуекелінің үш тұрпаты болады:

- әлеуметтік-саяси;
- Макроэкономикалық;
- Микроэкономикалық.





## 9. Саяси тәуекелдер

Саяси тәуекелдер ел тәуекелінің маңызды бөлігі болып табылады. Оның мәні елдегі саяси-әлеуметтік жағдайдың өзгеруі салдарынан шетел инвесторының өз меншігін жоғалтуы немесе табысты толық көлемде ала алмау мүмкіндігінде жатар.

Олар келесі жағдайлар түрінде туындауы мүмкін:

- Халықаралық келісімшарттарды орындауға не валюталық түсімнің репатриациясына (отанға қайта оралу) кедергі болатын валюталық заңдылықтың өзгеруі;
- Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды қиындататын заңдық базаның өзгеруі;
- Шетелдік инвесторлардың қатысуымен құрылған кәсіпорынды ұлттандыру не экспроприациялау;
- Арбитраждық құқыққа өзгерістер енгізу;
- Инвесторлардың мүліктік мүддесіне зиян шегуге әкелетін әскери әрекеттер, азаматтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер.

